Бұл сұхбат «Егемен Қазақстан» газетінің осы жылғы 17 тамызында ықшамдалған түрі жарық көрген еді. Газеттің бұл саны қолдан қолға тимей кетті. Ғалым мен жазушының осы әңгімесін енді Торғай жұртшылығының сұрауына орай газет мүмкіндігінше толық нұсқасын жариялап отырмыз.

Кенжеғали Сағадиев академик,
Қоғабай Сәрсекеев жазушы.

Жол үстіндегі әңгіме

НЕМЕСЕ

ҒАСЫР ТОҒЫСЫНДАҒЫ СҰХБАТ

Қоғабай Сәрсекеев: Кенжеке! Елге бірге барып қайту ойы екеуміздің де көңілімізде көптен жүрғенмен сәті осы жолы түсті. Ақ жол үстінде келеміз. Бағыт — туған жер — Торғай!

Кім-кімге туған жер қымбат! Туған өңір Торғай бізге аса ыстық! Жарықтық шын мәніндегі қиелі жер-ау!

Кенжеғали Сағадиев: Оған сөз бар ма, туған жер — түп қазық, айналып келіп тұрар мекенің.

Қоғабай Сәрсекеев: Бұл сапар менің өмірімдегі ерекше сапар болғалы тұр. Оның өзіндік мәні бар. Иә, бұл өзі алпыс жыл бойы іште жүрген сыр еді. Біздің ұрпақ не көрмеді, есімізді жимай жатып әкеден қалдық, майданда қаза тапты. Аталарымыз таңдыры боса-болмаса да қиын, төңкерістен кейінгі зұлмат заман құрбандары. Құлақта қалғаны, менің арғы сартымақ. Абыз есімді бабам кезінде домбыра тартқан, қобыз шалған, өзіне ұсталық өнер қонған, аузы дуалы кісі болыпты. Одан туған Қосет адам біткеннің ірісі дейтіндей сүйекті кісі екен. Қосеттен Жұмабай дүниеге келеді. Жұмабайдан Бейсенбай, Дүйсекей, Тәкетай, Сәрсекей, Сентай атты ел арасында «Жұмабайдың бес қасқыры» атанған ұлдар дүниеге келген. Бейсенбайдан — Молдамұрат, Дүйсекейден — Айтмағанбет, Тәкетайдан — Әбдірахман, Серікбай, Сәрсекейден — Сәтмағамбет (менің әкем), Жолмағамбет, Құлмағамбет, Жұрмағамбет туады. Бұлардың бәрі бүгінде жоқ, Жолмағамбет (Жолан), Құлмағамбет (Құлет) бертінде елге келіп қайтыс болса, қалғандары соғыста өлді. Осылардың ішінде Сәрсекей түйе палуан, Сентай өгіз палуан атанған кісілер дейді. Көз көрген қариялар осылай айтып отырғанмен мен осы ата-бабам жатқан орынды білмей өстім. Бала күнде ешемегенмен қазір ауыр. Тие берсінді сырттай айтып, мешітке барып, иштей қол жаю қай мауқыңды басады. Осыны көп ойлаушы едім. «Жеті атасын білмеген — жетесіз» деген сөз астарында оның тұрағын білуді де меңзейтіп тәлім жатса керек. Жалпақ өмірге келген тірі пенде ілгергі қара орман қонысы мен өткен ата-баба зиратын біліп жүрсе — бұл да бір медет. Мына жалған дүниеде өкситін сет аз ба, сондайда жаныңды жанға демеу, ат басын тірер қасиетті мекеніннің болғаны ләзім. Тексізден тектілік шықпайды. Ақыры іздестіре жүріп ата-баба жұртын таптым. Ол Торғайдың Тоқанай жағы екен. Абыз, Қосет, Жұмабай бабаларымның қорымы сол төңіректе болып шықты. Бергі аталарымды әжем марқұм «Ақжан» зиратында дейтін, белгі қоятын заман ба ол кез, зиратын нақты көрсете алмаған. Сонымен ыңғайы осы болып, аруақтар басын қарайту ниетімен, елге жүрерде Алматыдан аталар есімін тасқа қашай жаздырып, көктас ала шықтық. Оның үстіне биылғы жыл Елбасының жарлығымен «Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы» жылы аталды, бәрі үйлесімді.

Кенжеғали Сағадиев: Сенің бұл ісің перзенттік өзіз адамгершілікті танытар зор талап. Шыққан текті ұмытпау, атабаба зиратын қастерлеу — ұрпақтастықтың үзілмес заңы. Кеңес дәуірінде жеті атаны әспеттеу ескіліктің сарқыншағы деп қаралып, санамызды уланған идеямен тұншықтырған жоқ па. Әлгі:

«Мой адрес не дом и не улица,
Мой адрес Советский Союз» деп әндетуіміз сол кездің мәңгүрттік ұраны емес пе еді. Ендеше, бетің қабыл!

Қоғабай Сәрсекеев: Рахмет, Кенжеке! Ниеттің қабыл болуы алладан, асыл мұратты бір мақсат еді, жолымыз әлем болсын!

Кенжеғали Сағадиев: Өткенге салауат, қалғанға береке деп халық бекер айтқан ба, бұл ауыл зандарының ішіндегі ең ірісі. Менің осы сапарымның да басты мақсаты ауылдастарымменен жүздесіп, өмірден өткен ағайындарымның басына тағзым ету.

Қоғабай Сәрсекеев: Қазір зор науқан басталып кетті, алда Парламент сайлауы келе жатыр, сапарымыздың осыған тұспа тұс келуін қараңызшы, жұрт бізді үміткер екен деп жүрмесін?

Кенжеғали Сағадиев: Одан несіне қуыстанамыз, жоғарыда айтқанымыздай, ауыл біздің темір қазығымыз, туған жер — айналып соғып тұрар нүкте. Депутат болғымыз келсе, бақ сынап ек. Және оны жасырмай айтуға да болар еді, қазір демократия, қысылатын не бар? Бірақ біз ондай мақсатты алдымызға қойып келе жатқан жоқпыз ғой.

Қоғабай Сәрсекеев: Депутаттық, демекші, орайы келгенде айта кеткен де абзал. «Малын шығындап» депутат болған кей жігіттерді көріп жүрміз ғой, әуелгіде жұртқа уәдеп беріп-беріп, өтіп алғасын тіпті өз бағдарламасын ұмытатын, көзінің еті өскен «сабаздар» аз емес. Міне, осындайдан ауыз күйетін кез болды.

Кенжеғали Сағадиев: «Халық қалаулысы» деген сөзде көп мән жатыр. Депутаттыққа қызығуға болмайды ғой. Бұл қанша жерден зор құрметті қызмет болғанмен оның жауапкершілігі аса мықты. Біле білген кісіге бұл — тағдыр. Ел аманатын ақтау деген сөз — абыройлы іс. Парламент ұйқтап отыратын, қол көтеріп, дауыс беріп қана қайтатын орын емес, ел тағдыры, халық қамы, мемлекет абыройын ойлайтын жер. Депутат болуға үміттенген азамат осыны ойласа ұтады.

Қоғабай Сәрсекеев: Елге беттегеннен-ақ Сіздің кейпіңізден бір өзгеріс байқалып қалып отыр. Оны біздің Гүлбаршын да, Нағытай жеңгей де, тіпті немерелеріңіз де байқап қапты, жүзіңіз бірде жадырап, бірде жабырқап кетеді, жадыңызда сан естелік қатталып, көз алдыңыздан өтіп отыр-ау, сірә?

Кенжеғали Сағадиев: Иә, жол ұзақ, кейде еске кай-қайдағы жай түсіп отырғаны өтірік емес. Көз алдымнан көлденендеп ауыл кетпейді. Ғылым жолын қуам деп, әлем өркениетімен тереңірек танысам деп жүріп туған ауылыма келмегелі көп уақыт болыпты. Мен дүниеге келген Құмарал, бала кезімде суына түсіп, борығын тартқан Шұқырқопа, Шөптікөл, Сағa, Аққөлдер не күйде деймін. Құмарал Ахаң (Ахмет Байтұрсынов) туған Сартубектен бар болғаны үш шақырымдай жер еді. Бұл мекендер қазір «Аққөл» кеңшарына қарайды. Оның орталығы — Ызбан! Кейбір зерттеушілердің айтуынша біздің еліміздегі ескі, ең көне жер атауларының бірі. Осы ғасырдың басында бұл өңірдің тұрғындары шыпыр айдап, тары есіріп, мал бағатын. Кейін совет дәуірінде мектептер ашылып, жаңа үйлер салынып, шаруашылық жүйесі техникаландырылып өркениеттің жақсы нышандары да көріне бастап еді. Ал енді ғасыр аяқталып келеді, соңғы жылдары тұрмыс салтын қайта құру қамындамыз. Көпшілік біле бермейтін, қыры мен сыры терең, ой-шұқыры көп, қиыншылығы да мол жұрш жатқан қайта құру науқаны. Осыған орай ауылдастарымның жайы қалай, тұрмыстары нешік? Тезірек көруге асығып келе жатқаным рас... Өткен түнде Қостанайда ұйықтай алмай шықтым. Бала күнгі дәурен, әл кеуде шақ, ізгілік сапарым ілескен күндер еріксіз еске түседі. Ауылдың бүгінгісі мен келешегі де ойландырмай қоймайды. Туған елімізде көрнекті тұлға болып өсе білген Бағила қарындасымыздың елгезек қызметі, ғалым інілерім Сәбит, Карбоз, Иманғали, журналист Байтұрсын мен ақын Серікбай сияқты бауырларымның ыстық ықыласы көңіл өсірді. Жылылық — ағайын арасында. Байтұрсынның Ахаң жайлы кітабын оқып шыққанмын — зерделі кітап, Серікбайдың талантты ақын екенін білуші едім, бұ жолғы сұырып салма өнері тіптен ұнады.

Қоғабай Сәрсекеев: Аңжарқын ауыл жігіттерінің көңілі бөлек қой, талай сыр ақтарылды... Менің бір бітірген шаруам — Қостанайда орайын тауып, ақ түрмені көріп шықтым. «37ші — жыл» дейтін әңгіме жазғанымды білесіз, енді сол шығармамды экрандау ойымда жүруші еді, кешегі жазықсыздан жапа шегіп, «халық жауы» атанған боздақтар отырған камераларды аралағанымда — мал құлағы саңырау — жүрек титіркенді. Осы ғасырдың басында салынған түрме сол қалпы сақталған көрінеді, іші толы адам, беті аулақ, әсте сұсты, өрі суық...

Кенжеғали Сағадиев: Әрине, солай болады, қай заманда да қай өкімет болмасын үй салмаса да түрме салуды білген ғой, өзің айтып отырған ақ түрмеде не бір жайсаңдардың өмірі қиылды, сын да суық болмағанда қайтеді?

Қоғабаи Сәрсекеев: Менің әңгімемнің бас кейіпкерлері де осы түрмеде атылыпты. Үкім орындалған жерді де көрдім...

Кенжеғали Сағадиев: Ондай күндер өтті ғой бастан. Ақ түрмеде Ахаң да, Жақаң да жатқан... Ахаң жайлы естідің, облыс әкімі Әмірзақ Естайұлы Шүкеев — Ахмет Байтұрсыновқа ескерткіш қою үшін бәйге жариялапты, қоятын орны белгіленген. Қаржы тауыпты.

Қоғабай Сәрсекеев: Жақсы нышан, игі талап. Әйтсе де бізде сөз бұйда жетеді. Бұрынғы өткен-кеткен өкімшілік тұсында да уәде аз болмайтын, бәрі жайына қалған. Баяғыда, кеңес дәуірінде Ыбырай Алтынсарин ескерткіші, Аманкелді музейінің жоғын жоқтаймын деп осы Қостанайда Бородиннің қыспағына түскенмін. Ел мұқтажын айтқан мені ол шын құғындауға алған. Қазақ аудандарын «соқыршеқ» санайтын облыс басшысына ел руханияты түк емес екен, жандайшаптары мені Алматыға үшайын деп тұрғанымда ұшақтан түсіріп алып, кабинетіне әкелгенде «басыңды түрмеде шірітем» деп, зіркілдегені бар. Қазір уақыт басқа, шүкіршілік, әкім ыңғайы тәуір, бір қерген кісіге бага беру қиын, сөзі майда, маңайына жайлы басшы сияқты әсер етті, ісінде нәтиже болса жарады. Әйтсе де Сырбай мен Ғафу ақынның атына көше, мектеп есімі беріледі екен деген сөз біраздан бері айтылғанмен әлі шешімі табылмапты. Міржақып Дулатов, Нұржан Наушабаев, Мәриям Хакімжанова, Нұрхан Ахметбеков, Қайнекей Жармағамбетов сияқты дуалдерімізді елі әспеттемегенде кім атайды? Ал енді Ахаң, Жақаңды кадірлемеген жұрт қай руханиятымызды түгендейді, тәп сонда. Есті басшы осындайды ойлай жүрсе артық емес. Бір аңғарғаным, Шүкеев мырза сыртта жүрген халыққа танымал ел азаматтарын біле бермейді-ау деп қалдым. Біліп танысуға ынтасы да жоқ сияқты. Әне, бұл жақсы емес, зейін қоймау деген жаман, кісі жаңылайын десе оңай, ана жылы Колбин Торғайға барғанда «Жанкелдин деген кім?» деп сұрапты ғой, масқара қылғанда.

Кенжеғали Сағадиев: Бұрыннан байқайтынмын, Өмірзақтың жібі түзу жігіт. Біраз жауапты жұмыста жүріп ысылған азамат. Әкім әңгімесінде объективті себеп айтты, ескерткіш қою оңай шаруа емес. Алдымен Ахаң сияқты ұлы тұлғаның кейпі дұрыс сомдалуы керек. Сондықтан әкімнің жақсы мүсінші іздеп отырғаны — істің жігін білгендігі. Ал, ішкі шаруада, интелект тұрғысында ойласар мәселе аз болмаса керек. Сырт көзге бәрі айқын көрінеді.

Қоғабай Сәрсекеев: Әулиекөлге де жеттік.

Кенжеғали Сағадиев: Бұл менің орта мектепті бітіріп, ғылым-білімге жолдама алған жерім. Енді Қояндыағашқа бұрылайық. Мұнда менің әке-шешем жатыр. Біздің әулеттің бір тармағы осында ертеректе келіп қоныстанған. Өзің білесің, біз Аманжолдан тараймыз. Оның Әлімбет, Бейімбет, Шақшақ атты үш ұлы болған. Соның Әлімбетіміз. Әкем марқұм елуінші жылдардың басында, шешем бертін дүние салған. Анамның тамын осы Нағытай жеңгей бала-шағамен көп өзі көтерді, мен ол кезде аспирантурада оқуда болатынмын.

Қоғабай Сәрсекеев: Ахмет Байтұрсыновпен бір ауылдансыздар, жақындастықтарыңыз бар ма?

Кенжеғали Сағадиев: Түп ата бір. Бәріміз Аманжол бабадан өрбісек, бертін бөлінгенде Ахаң Үмбетей, Үмбетейдің Аралбайы, оның ішінде Таңбайына жатады. Таңбайдан Шошақ, Шошақтан Актас, Ақтастан Байтұрсын, Байтұрсыннан Ахмет... Үмбетей мен Әлімбет қатар отырған ел!

Төсекте жаны бір, төскейде малы бір, арғы тарихы көмескі болғанмен соңғы екеуш ғасыр бойы жер-суы ортақ, барынша аралас-құралас болған ел. Жаңа біздің руымыз Әлімбет дедім. Сол бабамыздан Құттықадам, одан — Шеген, Шегеннен Өтеміс, Медет туады. Өтемістен Өтеғұл, одан Жұмағұл, Тыныштықбай, Бозым туады. Жұмағұлдан — Ыбырай, Тыныштықбайдан — Сағади (менің әкем), Сәбит, Бозымнан Төрежан туады. Бұлар менің жеті ұрпақтағы аталарым. Барлығы да жаңа өзім айтқан Ызбанда, Аққөл жағасында өмір сүрген. Үмбетей атаның ұрпақтарымен осы өңірдің көптеген қопалары мен карасуларын бірге жайлаған, бір-біріне қыз беріп, қыз алыскан. Мысалы, Ыбырай атамның бәйбішесі Балқия Шошақтың баласы Сабалақтың қызы, әкемнің қарындасы Бимаржан (Қожақ) Байтұрсынның әкесі Ақтас ауылының келіні болған, одан тараған ұрпақ көп. Осындай қан араласымыздың тығыздығынан Әлімбет пен Үмбетей ұрпақтары бір-бірімен жиен-нағашы немесе нағашы-жиен болып біте қайнасып кеткен. Сондықтан да қадірлі Ахаңмен біздің тек қана ортақ ауылымыз ғана емес, қан араласымыз да бар дер едім.

Қоғабай Сәрсекеев: Бір кездегі, Қояндыағаштағы қалың ауыл жоқ боп шықты, жұрты ғана қалған. Кеңес Одағының батыры Сұлтан Баймағамбетов ауылы енді елсіз. Иә, бұл да бір тарихи жер еді. Басықара баласы Қанапия өмір сүрген өңір еді ғой бұл жер. Неге бұлай деген сұрақтар көңілді мазалай береді... Осы атыраптың табиғаты-ай — жағалай көл, шоқ-шоқ тал, қалың қарағай, ак балтыр қайың мұная қарауытады. Құмдауық өлкенің биші селеулері, көк майса бидайық белуардан. Осы жерден не су шықты екен? Бұдан артық жер жанаты болар ма!? Ошарыла көшетін не рет бар? Ұзамай жол үстіндегі үлкен корымға аялдап, Кенжекеңнің әке-шешесінің басында құран оқылды. Тиыш ұйықтасын аруақтар! Әулиекөлдің орталығында ауданның 70 жылдығы тойланып жатыр екен, тоқтап, дәм ауыз тидік. Ұзамай Науырызымға жеттік-ау. Мұнда Кенжекеңнің туған ағасы Нұғанның от-басы, бала-шағасы тұрады, мәре-сәре болып, өмірден өткен ағаның орнына дұға оқып, ертесіне Торғайға бет түздік.

Кенжеғали Сағадиев: Қостанайдан шыққалы жауын. Бұл өңірде биыл жауын көп жауыпты, соған орай жол бойы көкорай шалғын. Бұрынғы егінді алқаптарды шөп басқан. Қайран дала, егінді өңір сұлық жатыр. Бұл көрініс шымбайына батады.

Қоғабай Сәрсекеев: Жол деген де аты жол, әсіресе Науырызымнан кейін ойқы-шойқы, ойылып біткен. Осылай қараусыз қала берсе (бұл жалпы Республика көлеміндегі жол біткенге қатысты) сірә, қатынас қиындай түсер-ау... Алматыдан шыққалы жолдың не бірін көріп келеміз. Балқаш тұсында жақсы жол түсіп жатқанын көріп сүйсіндік.

Кенжеғали Сағадиев: Торғай қылтиған сайын жүрек лүп-лүп соғады. Сырт лақабы қандай — ой, Торғай халқы босып, көшіп жатыр екен, тіпті елде аштыққа бой алдырғандар кездеседі дегенді естисің...

Қоғабай Сәрсекеев: Бүгінде қиыншылық қай жерде жоқ. Біздің елде де соның нышаны бар екені рас. Дәл казіргідей өтпелі кезеңдегі қиыншылыққа Торғай да ұшырап отыр. Әуелден «алыс аудан» саналатын біздің ел проблемасы аз ба еді. Алдымен айтарымыз, Торғай қашаннан «желдің өтінде, жердің шетіндегі» өңір ғой. Табиғаты әсте катты. Қысы қытымыр, жазы қапырықты бұл аймақ заманның түзу кезінде де «шаруашылығы ауыр аудан» саналатын. Не құқай басынан өтпеген. Бір жылы ұт, бір жылы жұт болып келетін бұл аймақ басынан не өтпеді. Бір ғажабы, қайыспайтын жұрт. Мұны басқа емес біз білеміз.

Кенжеғали Сағадиев: Торғай халқының өжет мінезін бала күніміздің жадымызға түйіп өстік емес пе. Өткенін айтсақ «қазақтың Петрограды» саналған өңір болғандығы, азаматтарынан Ахаң (Ахмет Байтұрсынов) мен Жақаң (Мырзакып Дулатов) дүниеге келген касиетті өлке екенін айтайық. Тәлкекке төзбей ақ патша әміріне қарсы тұрған өлке, колымен теңкеріс жасаған алғашқы аймақ та осы Торғай. Ахаң мен Жақаңның еңбегін білесің — тәу реформаторлар — ұлт мақтаныштары.

Қоғабай Сәрсекеев: Біз осы сапарда Қостанай, Аркалық қалаларында болдық, Әулиекөл, Науырызым аудандарын араладық. Ел ажары қандай деп ойлайсыз?

Кенжеғали Сағадиев: Қиыншылығы мол кез ғой. Елдің реңінде де осы қиыншылықтың іздері бар сияқты. Дегенмен қопаңдаған ел жоқ, бәрі де әлқадірінше тырбануда. Бұрынғы дәстүрмен қол қусырып, үкіметке иек артып отырғандар бар. Ал көпшілік нарық заңдарына, жолдарына икемделген нышаны көрінеді. Осыған шүкір дейміз. Бірақ мына тығырықтан шығу үшін әлі канша-ма қажыр қайрат жұмсау керек...

Қоғабай Сәрсекеев: Дұрыс айтасыз, шешілер мәселе көп сияқты. Мәселен, Қостанай қаласының келбетінде мол ілгерілеу байқалса, Аркалық қаласының келбеті сын көтермейді. Әуелдегі көз тартатын ғимараттар ақпал-саңтал, қирап бітіпті, есік-терезелері үңірейіп, талан-таражға түскен. Неге бұлай? Бір кездегі ғажап конақ үйлер қаңырап тұр, әуе жайға ұшақтар қонбайды, жол тозған. Кешелерде жарық жоқ. Міне, осыған кім кінәлі? Әулиекөл, Науырызым аудандарының орталықтары да кетік-тесік. Теңіректеріндегі елді мекендер басқа жаққа қоныстанған. Сыртқа «жылы орын» іздеп кеткен «көшпен-ділер» соңына өрт салып кеткендей, сонда осыған неге жол берілген, әй дейтін әже, қой дейтін қожа болмағаны несі?

Кенжеғали Сағадиев: Болмаған деу қате пікір. Болды. Басы Ел басы болып айтпайды емес — айтады. Мұны жергілікті басшылық та назардан қалдырған емес. Бірак бұндай үлкен іске біздің дайындығымыз болған жоқ, оны жобалау, ұйымдастыру, бақылау жұмыстарында да екімет тарапынан тиянақты шаралар аз болды. Ал енді үлкен бір себеп, тәп басқа-сын да суық болмағанда қайтеді?

Қоғабаи Сәрсекеев: Менің әңгімемнің бас кейіпкерлері де осы түрмеде атылыпты. Үкім орындалған жерді де көрдім...

Кенжеғали Сағадиев: Ондай күндер өтті ғой бастан. Ақ түрмеде Ахаң да, Жақаң да жатқан... Ахаң жайлы естідің, облыс әкімі Әмірзақ Естайұлы Шүкеев — Ахмет Байтұрсыновқа ескерткіш қою үшін бәйге жариялапты, қоятын орны белгіленген. Қаржы тауыпты.

Қоғабай Сәрсекеев: Жақсы нышан, игі талап. Әйтсе де бізде сөз бұйда жетеді. Бұрынғы өткен-кеткен өкімшілік тұсында да уәде аз болмайтын, бәрі жайына қалған. Баяғыда, кеңес дәуірінде Ыбырай Алтынсарин ескерткіші, Аманкелді музейінің жоғын жоқтаймын деп осы Қостанайда Бородиннің қыспағына түскенмін. Ел мұқтажын айтқан мені ол шын құғындауға алған. Қазақ аудандарын «соқыршеқ» санайтын облыс басшысына ел руханияты түк емес екен, жандайшаптары мені Алматыға үшайын деп тұрғанымда ұшақтан түсіріп алып, кабинетіне әкелгенде «басыңды түрмеде шірітем» деп, зіркілдегені бар. Қазір уақыт басқа, шүкіршілік, әкім ыңғайы тәуір, бір қерген кісіге бага беру қиын, сөзі майда, маңайына жайлы басшы сияқты әсер етті, ісінде нәтиже болса жарады. Әйтсе де Сырбай мен Ғафу ақынның атына көше, мектеп есімі беріледі екен деген сөз біраздан бері айтылғанмен әлі шешімі табылмапты. Міржақып Дулатов, Нұржан Наушабаев, Мәриям Хакімжанова, Нұрхан Ахметбеков, Қайнекей Жармағамбетов сияқты дуалдерімізді елі әспеттемегенде кім атайды? Ал енді Ахаң, Жақаңды кадірлемеген жұрт қай руханиятымызды түгендейді, тәп сонда. Есті басшы осындайды ойлай жүрсе артық емес. Бір аңғарғаным, Шүкеев мырза сыртта жүрген халыққа танымал ел азаматтарын біле бермейді-ау деп қалдым. Біліп танысуға ынтасы да жоқ сияқты. Әне, бұл жақсы емес, зейін қоймау деген жаман, кісі жаңылайын десе оңай, ана жылы Колбин Торғайға барғанда «Жанкелдин деген кім?» деп сұрапты ғой, масқара қылғанда.

Кенжеғали Сағадиев: Бұрыннан байқайтынмын, Өмірзақтың жібі түзу жігіт. Біраз жауапты жұмыста жүріп ысылған азамат. Әкім әңгімесінде объективті себеп айтты, ескерткіш қою оңай шаруа емес. Алдымен Ахаң сияқты ұлы тұлғаның кейпі дұрыс сомдалуы керек. Сондықтан әкімнің жақсы мүсінші іздеп отырғаны — істің жігін білгендігі. Ал, ішкі шаруада, интелект тұрғысында ойласар мәселе аз болмаса керек. Сырт көзге бәрі айқын көрінеді.

Қоғабай Сәрсекеев: Әулиекөлге де жеттік.

Кенжеғали Сағадиев: Бұл менің орта мектепті бітіріп, ғылым-білімге жолдама алған жерім. Енді Қояндыағашқа бұрылайық. Мұнда менің әке-шешем жатыр. Біздің әулеттің бір тармағы осында ертеректе келіп қоныстанған. Өзің білесің, біз Аманжолдан тараймыз. Оның Әлімбет, Бейімбет, Шақшақ атты үш ұлы болған. Соның Әлімбетіміз. Әкем марқұм елуінші жылдардың басында, шешем бертін дүние салған. Анамның тамын осы Нағытай жеңгей бала-шағамен көп өзі көтерді, мен ол кезде аспирантурада оқуда болатынмын.

Қоғабай Сәрсекеев: Ахмет Байтұрсыновпен бір ауылдансыздар, жақындастықтарыңыз бар ма?

Кенжеғали Сағадиев: Түп ата бір. Бәріміз Аманжол бабадан өрбісек, бертін бөлінгенде Ахаң Үмбетей, Үмбетейдің Аралбайы, оның ішінде Таңбайына жатады. Таңбайдан Шошақ, Шошақтан Актас, Ақтастан Байтұрсын, Байтұрсыннан Ахмет... Үмбетей мен Әлімбет қатар отырған ел!

Төсекте жаны бір, төскейде малы бір, арғы тарихы көмескі болғанмен соңғы екеуш ғасыр бойы жер-суы ортақ, барынша аралас-құралас болған ел. Жаңа біздің руымыз Әлімбет дедім. Сол бабамыздан Құттықадам, одан — Шеген, Шегеннен Өтеміс, Медет туады. Өтемістен Өтеғұл, одан Жұмағұл, Тыныштықбай, Бозым туады. Жұмағұлдан — Ыбырай, Тыныштықбайдан — Сағади (менің әкем), Сәбит, Бозымнан Төрежан туады. Бұлар менің жеті ұрпақтағы аталарым. Барлығы да жаңа өзім айтқан Ызбанда, Аққөл жағасында өмір сүрген. Үмбетей атаның ұрпақтарымен осы өңірдің көптеген қопалары мен карасуларын бірге жайлаған, бір-біріне қыз беріп, қыз алыскан. Мысалы, Ыбырай атамның бәйбішесі Балқия Шошақтың баласы Сабалақтың қызы, әкемнің қарындасы Бимаржан (Қожақ) Байтұрсынның әкесі Ақтас ауылының келіні болған, одан тараған ұрпақ көп. Осындай қан араласымыздың тығыздығынан Әлімбет пен Үмбетей ұрпақтары бір-бірімен жиен-нағашы немесе нағашы-жиен болып біте қайнасып кеткен. Сондықтан да қадірлі Ахаңмен біздің тек қана ортақ ауылымыз ғана емес, қан араласымыз да бар дер едім.

Қоғабай Сәрсекеев: Бір кездегі, Қояндыағаштағы қалың ауыл жоқ боп шықты, жұрты ғана қалған. Кеңес Одағының батыры Сұлтан Баймағамбетов ауылы енді елсіз. Иә, бұл да бір тарихи жер еді. Басықара баласы Қанапия өмір сүрген өңір еді ғой бұл жер. Неге бұлай деген сұрақтар көңілді мазалай береді... Осы атыраптың табиғаты-ай — жағалай көл, шоқ-шоқ тал, қалың қарағай, ак балтыр қайың мұная қарауытады. Құмдауық өлкенің биші селеулері, көк майса бидайық белуардан. Осы жерден не су шықты екен? Бұдан артық жер жанаты болар ма!? Ошарыла көшетін не рет бар? Ұзамай жол үстіндегі үлкен корымға аялдап, Кенжекеңнің әке-шешесінің басында құран оқылды. Тиыш ұйықтасын аруақтар! Әулиекөлдің орталығында ауданның 70 жылдығы тойланып жатыр екен, тоқтап, дәм ауыз тидік. Ұзамай Науырызымға жеттік-ау. Мұнда Кенжекеңнің туған ағасы Нұғанның от-басы, бала-шағасы тұрады, мәре-сәре болып, өмірден өткен ағаның орнына дұға оқып, ертесіне Торғайға бет түздік.

Кенжеғали Сағадиев: Қостанайдан шыққалы жауын. Бұл өңірде биыл жауын көп жауыпты, соған орай жол бойы көкорай шалғын. Бұрынғы егінді алқаптарды шөп басқан. Қайран дала, егінді өңір сұлық жатыр. Бұл көрініс шымбайына батады.

Қоғабай Сәрсекеев: Жол деген де аты жол, әсіресе Науырызымнан кейін ойқы-шойқы, ойылып біткен. Осылай қараусыз қала берсе (бұл жалпы Республика көлеміндегі жол біткенге қатысты) сірә, қатынас қиындай түсер-ау... Алматыдан шыққалы жолдың не бірін көріп келеміз. Балқаш тұсында жақсы жол түсіп жатқанын көріп сүйсіндік.

Кенжеғали Сағадиев: Торғай қылтиған сайын жүрек лүп-лүп соғады. Сырт лақабы қандай — ой, Торғай халқы босып, көшіп жатыр екен, тіпті елде аштыққа бой алдырғандар кездеседі дегенді естисің...

Қоғабай Сәрсекеев: Бүгінде қиыншылық қай жерде жоқ. Біздің елде де соның нышаны бар екені рас. Дәл казіргідей өтпелі кезеңдегі қиыншылыққа Торғай да ұшырап отыр. Әуелден «алыс аудан» саналатын біздің ел проблемасы аз ба еді. Алдымен айтарымыз, Торғай қашаннан «желдің өтінде, жердің шетіндегі» өңір ғой. Табиғаты әсте катты. Қысы қытымыр, жазы қапырықты бұл аймақ заманның түзу кезінде де «шаруашылығы ауыр аудан» саналатын. Не құқай басынан өтпеген. Бір жылы ұт, бір жылы жұт болып келетін бұл аймақ басынан не өтпеді. Бір ғажабы, қайыспайтын жұрт. Мұны басқа емес біз білеміз.

Кенжеғали Сағадиев: Торғай халқының өжет мінезін бала күніміздің жадымызға түйіп өстік емес пе. Өткенін айтсақ «қазақтың Петрограды» саналған өңір болғандығы, азаматтарынан Ахаң (Ахмет Байтұрсынов) мен Жақаң (Мырзакып Дулатов) дүниеге келген касиетті өлке екенін айтайық. Тәлкекке төзбей ақ патша әміріне қарсы тұрған өлке, колымен теңкеріс жасаған алғашқы аймақ та осы Торғай. Ахаң мен Жақаңның еңбегін білесің — тәу реформаторлар — ұлт мақтаныштары.

Қоғабай Сәрсекеев: Біз осы сапарда Қостанай, Аркалық қалаларында болдық, Әулиекөл, Науырызым аудандарын араладық. Ел ажары қандай деп ойлайсыз?

Кенжеғали Сағадиев: Қиыншылығы мол кез ғой. Елдің реңінде де осы қиыншылықтың іздері бар сияқты. Дегенмен қопаңдаған ел жоқ, бәрі де әлқадірінше тырбануда. Бұрынғы дәстүрмен қол қусырып, үкіметке иек артып отырғандар бар. Ал көпшілік нарық заңдарына, жолдарына икемделген нышаны көрінеді. Осыған шүкір дейміз. Бірақ мына тығырықтан шығу үшін әлі канша-ма қажыр қайрат жұмсау керек...

Қоғабай Сәрсекеев: Дұрыс айтасыз, шешілер мәселе көп сияқты. Мәселен, Қостанай қаласының келбетінде мол ілгерілеу байқалса, Аркалық қаласының келбеті сын көтермейді. Әуелдегі көз тартатын ғимараттар ақпал-саңтал, қирап бітіпті, есік-терезелері үңірейіп, талан-таражға түскен. Неге бұлай? Бір кездегі ғажап конақ үйлер қаңырап тұр, әуе жайға ұшақтар қонбайды, жол тозған. Кешелерде жарық жоқ. Міне, осыған кім кінәлі? Әулиекөл, Науырызым аудандарының орталықтары да кетік-тесік. Теңіректеріндегі елді мекендер басқа жаққа қоныстанған. Сыртқа «жылы орын» іздеп кеткен «көшпен-ділер» соңына өрт салып кеткендей, сонда осыған неге жол берілген, әй дейтін әже, қой дейтін қожа болмағаны несі?

Кенжеғали Сағадиев: Болмаған деу қате пікір. Болды. Басы Ел басы болып айтпайды емес — айтады. Мұны жергілікті басшылық та назардан қалдырған емес. Бірак бұндай үлкен іске біздің дайындығымыз болған жоқ, оны жобалау, ұйымдастыру, бақылау жұмыстарында да екімет тарапынан тиянақты шаралар аз болды. Ал енді үлкен бір себеп, тәп басқа-да. Бәрі «социалистік меншік» дейтін ескі көзқарасқа келіп соғады. Мұндай көқарас қалыптасқан елде мәнді тірлік бола бермейді және мұнда психологиялық астар да жатыр. Өткен жетпіс жыл бойы «жарқын болашақ» идеясымен тәрбиеленген адам бұлай жасамағанда қайтеді? Уланған сана — мас көңіл, акваториумда өскен балық айдын барын қайдан білсін!

Қоғабай Сәрсекеев: Енді қалай түзелеміз?

Кенжеғали Сағадиев: Түзелудің жолы дейтіндей барша халықтарға бірдей теорема жоқ. Әр халық өз ерекшеліктерін, өз мүмкіншіліктерін еске ала отырып өркениет жолын таңдайды. Өйткені өз болмысына үңілмей, өз еліңде қалыптасқан өмір заңдарын ескермей өткелден өтуге болмайды. Біз көп жылдар соқыр сенім мен надандық түнегін, қайыршылық пен жоқшылықты, бейнет пен қиыншылықты басымыздан өткізген халықпыз. Осының арқасында жігеріміз құм болып, намысымыз шайырланды. Адасуларымыз аз болды ма! Ахаң осы реттен «Қазақ жоқшы, жоқын іздеген құрыншы» деп жар салды. Сонда неге? Бақсақ, барды үлгертуге шорқақ екенбіз, қолдан шығып кеткенде ұранышылмыз. Көп дәлел айтпай-ақ қояйын, дегенмен әлгі Арқалықтағы ғимараттарды сырттан келіп біреу қиратқан жоқ, бәрі керенау салғырттықтың салдары, ұлттық меншік сипатының қалыптаспағанынан көруіміз керек. Әрине үкімет тарапынан өрменді шаралар аз болды, дегенмен бәрін мемлекетке арта салу, басқаға аудару дұрыс емес. Жеке жауапкершілік, тұтынып отырған дүниеңе, өмір сүрген ортаңа өз затыңдай қарамау «немкеттілікке» әкеп соқтырады. Өркениетті еш елде мұндай өрескел іс кездеспейді, кездесе қалса оған бүкіл ел, халық болып күреседі. Міне, биік саналылық деген осындай кезде аса қажет.

Қоғабай Сәрсекеев: Демек, санаңы өзгертетіндей шара — заң керек қой.

Кенжеғали Сағадиев: Әрине, өркениетке баратын жолдардың тнімді заңдарын қабылдау да, оны баршамыз болып мүлгіксіз орындау да қажет. Құқықтық қоғам (правовое государство) деген ұғым осындай қажеттіліктен туады. Дегенмен сана — заңға қарамайды, қабылдауы қиын, бұл — ішкі иірім, адами қасиет белгісі. Сондықтан сана структурасын қайта қалыптастырмасақ болмайды. Социалистік сана — өткен ұрым. Осыны неғұрлым тезірек ұқсақ, жылдамырақ жылжимыз. Рас, бұған да уақыт керек. Ілгері озудың қажеттілігі күн өткен сайын тіптен анық аңғарылып отыр.

Қоғабай Сәрсекеев: Мұндай тәжірибені үйренетін озық елдер жеткілікті-ақ. Көрші қытай елінде қаншама үрдіс қадам бар, басқа көшелі мемлекеттер тәжрибесі ше? Мысалы жапондықтар: жаңаны қабылдау үшін ескіні жою шарт емес, дейді екен. Бізде бәрі басқаша. Әжептәуір

тірелген тұсында ел тізгінін ұстағанына өкініп отырған жоқ, қайта әкімдік таққа отыруды өзінің сыналар сәті, туған жерге деген перзенттік борышын өтеудің, қызмет көрсетудің көрінісі берер тұсы деп қарайтынын жасырмады.. Үміт оты үлгірткендерге маздайды. «Құдай салды, біз көндік», баяғы «Жанкелдин ауданы кезінде республика бойынша жедел көмек көрсетілмекші болған әлеуметтік-экономикалық жағынан кенжелеп қалған 30 ауданның бірі» деп қарап отырғаннан не өнеді? Бұған ауданның экологиясын қосыңыз. Мына жағы Байқоңыр, бір жағы Арал, бір беткейде Ырғызбен жалғасыпЕмбі полигоны ұштасып жатыр. Осындай табиғат қыспағындағы Торғай ащы жаңбыр мен тұзды қар өтіндегі ерекше өңір. Ендеше, істің қыбын тапсын!

Қоғабай Сәрсекеев: Жылағанға көз жасы табылады. Әлгі сіз еске салған құжат —әлеуметтік-экономикалық жағынан кенжелеп қалған 30 ауданның мұнмұқтажы қағаз жүзінде қалған өлі құжат еді ғой, ол үкімет қазір жоқ. Ал мәселе, сол мәселе—проблема күйінде қалды. Мұны ыңдағаттаған кім бар? Әлгінде шағын кәсіпорын ашу төңірегінде әңгіме сабақталып келе жатқан.

Кенжеғали Сағадиев: Иә, сол кәсіпорындарды осы Торғайда көптеп ашуға болады. Мұны аудан әкімі Ғайсин де қуаттайды, қуаттап қоймай, қолға алып жатыр. Торғайда ұқсата білгенге жұмыс та, қәсіп те, өндіріске қажетті зат та табылады. Бір ғана мысал. Алпыс екі салалы Торғай өзені мен суы мол Жыланшық, Қоңыраулы, Өлкеиік, Қабырға, Қарақұдық, Өтеген өзендерінің, Аққол, Жаркөл, Қарасор, Ұзынсор, Татыр, Алакөл, Шұқыр, Шуақбай, Көлбике, Аралбай, Майқыарал, Ойпшөмекті, Қыршөмекті, Тармақ, Ахмедия, Құмкөл, Айнакол, Насбайкөл, Шұбалаң көлдерінің тайдай тулаған ақбалығы, қылағай, шортан, алабұға, шабақтары, сапалы сазан балықтары тұрғанда бұл елдің несібесі төмендеп, ырысы ортаюы мүмкін емес.

Қоғабай Сәрсекеев: Ендеше неге осы шаруашылықты қолға алмайды, су ішінде отырып сусап, ең байлықтың ортасында жүріп жүдейтінміз қалай?

Кенжеғали Сағадиев: Бәрі бенімделмеуден. Ағайындарымыз құнды ұсынысқа қолдау көрсете бермейді, не әліптің артын бағып тыныш отыр. Балық аулауға ау, қармақ, жытпа, қайық, басқа да жабдықтар қажет қой, осының істеуден қашады, не еріншек. Өзен жағаларының өзегі талмас дейтін қағиданы түсінсе енді-енді түсінген жайлары бар-ау, шамасы. Естимін, Аққөлдің бойына үйлерін тігіп, қазық қаға бастапты. Аққөл мен Байтұрсынов ауылдық округінің тұрғындары бұл күнде балықшылық кәсіпке шындап бет бұрған көрінеді. Айт-айт, әлі жеке-жеке тырбанатын сияқты. Біріккен серіктестік, кооперативтік кәсіпорын жоқтың қасы—асса отбасылық бригада төңірегіндегі ұжымдық, дейді. Мұндай тірлікте береке бола бермейді. Ал ұйымдық ұжым құрыласа тек қана Аққөлден жылына 1000 тонна балық аулап, сатуға болады екен. Осыны есептеп көрген экономистер бұлай жасағанда аудан бюджетіне 15 миллиондай ақша түсетінін айтады. Бұл пайда ма—пайда!

Қоғабай Сәрсекеев: Енді осыны неге тездетпейді?

Кенжеғали Сағадиев: Әлгінде мен балық аулауға ау, қармақ, жытпа, сүзекі, қайық, сияқты жабдықтар керек деп қалдым. Ал, осының бәрін кез келген кісі жасай бермейді, адамның бәрі бірдей бес аспап емес. Сондықтан бұған шеберхана керек. Бізде қазір ине сабақтайтын ұрғашы, шеге қағатын еркек бар ма? Социализм кержалқаулыққа үйретті. Демек, осы балық шаруашылығына қажетті құралжабдықты жасайтын мамандырылған цехтар, осы заманға озық техникамен, тоңазытқыштармен жабдықталған шағын заводтар қажет. Қинысынбай мұны көл жағасында, немесе Торғай мен Қостанайдан ашса өндірістің өркендеуіне жол ашылады. Әрі бұл сауда, балық өңдеу, менеджерлік, маркетинттік қызметке де оңай. Облыс көлемінде қаншама өзен-көл бар—осының бәрі бір арнада, бір бағытта жүйелі жұмыс істесе ауыл, аудан, облыс үшін тиімді іс болар еді.

Қоғабай Сәрсекеев: Бұған мамандар керек қой.

Кенжеғали Сағадиев: Мамандар дегенің дұрыс, қай салада да білікті маман болмаса, басқару жүйесі ғылыми негізде жүргізілмесе іс оңға баспайды. Қатып қалған стереотивтен қашу керек. Астанадағы, Алматыдағы, Қостанайдағы және басқа қалалардағы аграрлық ауыл шаруашылығы университеттерінде балық шаруашылығы, оның технологтарын, инженерлерін даярлайтын факультеттер ашқан жөн.

Қоғабай Сәрсекеев: Университет, академиялардағы оқу мерзімі ұзақ емес пе?

Кенжеғали Сағадиев: Бұған бір сөзбен жауап беру қиын. Академиялық оқу жүйесі бар, сосын ілім-білім деген желаяқтар жарысатын алаң, не ол алатын қашықтық емес. Университет, институт аудиториясындағы дәріс оқу-тоқудың кестесі—сағатына байланысты, яғни зерделік процесс. Мұны игермеин-ше толыққанды маман даярлау асығыстық, былайша айтқанда ат үсті, шалағайлық болады. Рас, оқу жүйесін салалай, сапасын арттыра, тығыздай түссе, бүгінгідей компьютер заманына лайықтасақ ойласатын шаруа жоқ емес. Сөйтіп барып оқу мерзімін қысқартуға болады. Қысқа мерзімді фермерлер, кәсіпкерлер мектебін де ашуға болады. Бір сөзбен айтқанда бізге нарық заманына сәйкес білім, маман керек. Нарық дегенің сайыс, жеңісі—білікті мен білімдінің қолында. Сондықтан да емес пе, өте жақсы дамыған елдерде үлкенді де, кішіні де оқытатын, оларға кәсіби мамандық беретін оқу жүйелері қалыптасқан, барынша дамыған. Социализмді жамандауымыз орынды, бірақ халыққа білім беруде атқарған игілігі көп. Әсіресе төңкерістің алғашқы жылдарында көрі-жасты партаға отырғызып, жаңа дәуірге сәйкес сауатын ашпап па еді! Тек қана рабфактың халықтық жаңа кәсіпке беиімделуіне тигізген пайдасы қандай! Ал енді баршамызды нарық жүйесіне жетелейтін, халықты кәсіби сауаттандыратын осындай ауқымды шаралар бізге қазір керек ақ. Өйткені дайындығы жоқ шаруа қожалықтары болсын, білімі жоқ кәсіпкер болсын мынау нарық заманында көп нәтижеге жете алмайды. Жаңа әдіспен істеймін десең алдымен нарықтың сыры мен тәсілдерін тереңірек оқы, тоқы дер едім замандастарыма.

Қоғабай Сәрсекеев: Менің айтпағым ірі, кіші диплом дегендей, жоғарғы, орта мамандық төңірегінде еді, бізде осы кәсіптік- техникалық училищелер неге жабылып қалды? Әлгіндегідей шағын кәсіпорындарда жұмыс істеу үшін міндетті түрде жоғарғы оқу орнының дипломы қажет пе?

Кенжеғали Сағадиев: Қазір жастарымыздың көбі бос жүр дейміз. Олардың бәрінің бүгінгідей қиын кезеңде жоғарғы оқу орнында оқи беруге мүмкіндіктері келмейді. Бәрі қаржыға байланысты. Ендеше ауылды жерлерде училищелер, мамандандырылған колледждер, жетілдірілген мектептер ашсақ болашақ қамын ойлағандық болар еді. Осыған көп қаражат та керек емес, және оның табылатын ыңғайы да бар. Басқасын қойғанда қазіргі жалпылай жұмыссыздықпен күресудің де бір жолы болар еді.

Қоғабай Сәрсекеев: Көп болып қолға алатын шаруа екен.

Кенжеғали Сағадиев: Оны әр институт, университет сияқты оқу орындарының филиалы ретінде ұстау керек, үлгітірек шаруашылығы сияқты база қалыптастырсақ тоқайласады.

Қоғабай Сәрсекеев: Мұндай тәжірибе өзіңіз басқарып отырған Алматы аграрлық университетінде бар ма?

Кенжеғали Сағадиев: Мен мұны тек қана ұсыныс ретінде айтып отырған жоқпын. Үш жыл бұрын біздің университеттің құрамында фермер-лердің (шаруа қожалықтардың) мектебі ашылды, 4 облыста фермерлерге дәріс беріп жүрміз, жергілікті жерлерде филиалдарымыз бар. Үш жылдың ішінде 1,5 мыңға жуық шаруашылық қожалары, ауылда істейтін кәсіпкерлер осы мектептен дәріс алды. Біз оларды нарық жүйесінде өзіне тиімді кәсіп жасауға, кәсінтің бизнес-жоспарын жасауға, егін мен мал шаруашылығының тиімді, жаңа технологияларына, өндірілген өнімді тиімді үлгерту, сату тәсілдеріне үйретемізі. Оқушылардың айтуынша осындай оқу пайдалы, көп нәрсеге көздерін ашады. Кейбір жерлерде мектеп жұмысы жергілікті кәсіптік-техникалық училищелер негізінде өтіп жатыр. Бұл үшін үкіметке алақан жаюдың да керегі жоқ. Іздегенге қаржы табылатын көрінеді. Осындай іске осы салаға қатысы бар министрліктер, оқу орындары, жергілікті әкімшіліктер мұрындық болса іс оңға басар еді. Осылай жасасақ Торғайдағы жабылып қалған кәсіби-техникалық және қол өнер училищелерінің жұмыстарын да жаңғыртуға болар еді.

Қоғабай Сәрсекеев: Жақсы-ақ, игі істі қолдай білсек орайы келген жұмыс болғалы-ақ тұр, осы ретте және бір әңгімені тірілтейін. Сіз дүниеге келген өңір— «Аққол» кеңшарында сапалы ас тұзы табылғаны көптен айтылып жүр. Қоры мұлдем мол дейді. Осы жайында не айтар едіңіз?

Кенжеғали Сағадиев: Рас сөз. Жаман—Аққөлдің тұзы әбден нәскен, жетілген, қазірдің өзінде ешқандай өңдеусіз ас тұз ретінде пайдалануға болатынын ғалымдар анықтады. Аққөлдің тұзы бір аудан, бір облыс емес, Республика, қалды сыртқа экспорттауға жетеді. Бұған мен құжаттарды оқып, танысқанымда көз жеткіздім. Қазірдің өзінде бұған қызыға қараушылар көп. Бизнес-жоспар жасаған Серік Ералиннің болжауынша Аркалық, Қостанай қалаларының өкілдерінен өзге—сырт жақтан да қолдау табылып отырған көрінеді. Бұған Орал өңірі, Украина жағы, ішкі Ресей, тіпті Москва қалаларының сұраныс білдіруі дәлел.

Қоғабай Сәрсекеев: Демек, бұл кәсіпорынды жылдам іске қосу керек-ау.

Кенжеғали Сағадиев: Қаржы-қаражатсыз жылжу қиын. Мәселені кешеуілдете беруге әсте болмайды. Осыны айтып жергілікті тұрғындар да, ауыл, аудан басшылығы да қиналып жүр. Жауапкершілгі шектеулі «Ералин және К» бірлестігі осы қалай деген банктерді жағалап шығыпты, біздегі қалыптасқан банктің бюрократтық бұралаң жолы дайын істі қолдамай отырса керек. Сондықтан мұндай кәсіпорын үшін облыс әкімшілігі тарапынан үрдіс шешім қабылданса ғой. Сонда ғана «Аққол» ас тұз заводын өмірге әкелуге болады. Осы ретте айтарым—ауылға инвестиция қажет. Қаржы жоқ деген сылтау ғана. Тиянақты іздесек осындай шағын өндірістерді жандандыруға қаражат еліміздің табылады. Тек өкімет пен облыс тарапынан бар мүмкіншіліктерді осы арнаға бейімдеген жөн.

Қоғабай Сәрсекеев: Осыған сабақтас мәселенің бірі Торғай—Қарабұтақ трассасы. Бұл жол ел экономикасы үшін де стратегиялық мәні бар жол екен. Ақтөбе—Атырау—Маңғыстау—Орал жаңа Астанамен тікелей қатынаса алады. Төте жол!

Кенжеғали Сағадиев: Небәрі 220 шақырым тас жол салсақ, Астана мен Орталық Қазақстанның өзіміздің батыс облыстарымызбен ара қатынасы 900 ден 1200 шақырымға қысқарады екен. Бұл біз үшін өте тиімді емес пе! Ақтауда халықаралық теңіз порты салынып жатыр. Елге келетін жүктің үлкен бөлімі теңізбен осы портқа келеді. Ал енді оны қысқа жолмен орталыққа тасысақ бұл өте тиімді болар еді. Осындай жолдың тағы бір үлкен пайдасы Торғай өңіріндегі тұрғындарға қосымша жұмыс орнын ашу мүмкіндігінде және де осы бір шетте жатқан өлкені Қазақстан экономикасымен тығыз байланыстырыында. Осындай жол салу мәселесі шешімін табар уақыт жеткен сияқты.

Қоғабай Сәрсекеев: Жақында бір қуанышты хабар тарады. Көптен күткен арман: Қызылорда—Жезқазған—Арқалық темір жолы салынады екен. Бұл дегеніңіз, оңтүстік пен солтүстіктің байланысын бірден 800 шақырымға қысқартады деген сөз ғой. Әттең осы жобаға сәл өзгеріс енгізсе, деген тілек.

Кенжеғали Сағадиев: Ол қандай өзгеріс?

Қоғабай Сәрсекеев: Мәселен, осы темір жолды Арқалықтан Торғайға дейін созса, Торғайға Арал немесе Шалқар станциясы тип тұр. Осы екі аралық жалғанса Қазақстанның оңтүстігі солтүстігімен, солтүстігі батысымен, одан әрі шығысымен тоғысар еді.

Кенжеғали Сағадиев: Болашақ темір жол құрылысының жалпы құны 245 миллион АҚШ доллары шамасында деп жобаланып отырған көрінеді. Инвестор табылып, жол құрылысы басталар болса ол сегіз жылда аяқталмақшы екен. Баламажоба регионде өзің айтқан ұсынысқа да түсініктпен қараса артық емес. Мұнымыз біткен іс, келіскен жобаға төтеден қосылу, не кедергі жасау емес, қайта жетілдіре тұсу мағнасындағы ізгі тілек, таза пиғылдан туындайтын үкілі арман. Айтты-айтпады, салынбақшы жолдың төте бағыты—Шалқар—Ырғыз—Торғай—Арқалық—Жезқазған—Қызылорда. Немесе, керісінше Қызылорда—Жезқазған—Арқалық—Торғай—Ырғыз—Шалқар. Шалқардан темір жолдың үлкен күре тамыры басталатыны белгілі. Бұлай жасаған жағдайда Қазақстанның көптеген елді мекендерінің бағы жанады, жоғарыда айтқан өндіріс орындарының ашылуына, қарым-қатынасқа оң өзгеріс жасалар еді. Бұған жә дер кім, айту парыз.

Қоғабай Сәрсекеев: Біз әңгімелеп отырған өңірдегі ауыз су мәселесі әсте қиын. Халықтың көпшілігі ашық су қөздерін пайдаланады.

Кенжеғали Сағадиев: Ауыз су жайы қай жерде де өзекті мәселе. Түрлі аурулардың шығуы да осыған байланысты. Мұны мен жақсы сезінемін. Қошалақ, Тосын құмындағы жер асты суларының, Аманкелді ауданындағы Сымтас жер асты суының Торғайға жетпеуін аудан басшылығы қаржыға саяды. Рас шығар. Бірақ адам ұмітпен өмір сүрмей ме. Ел Президентінің «Қазақстан 2030» атты Жолдауында ауыл проблемаларына орай біраз мәселелер қамтылған. Соның бірі осы халықты сумен жабдықтау және ирригация проблемаларын шешу ғой. Бұл 1998-2000 жылдар үрдісінің шаруасы. Демек, бұл, күн тәртібінде тұрған мәселе. Ел басы жоғарыда аталған Жолдауында Үкіметке 1998 жылғы сегіз нақты тапсырма берді. Соның бір тармағында бір жыл ішінде кемінде аз қамсыздандырылған 30 мың азаматқа, бірінші кезекте ауылды жерлерде жұмыс орындарын құруға 3 жыл мерзімге 400 АҚШ долларына парапар сомада кіші кредиттер беру, шағын және орта бизнесті, фермер қожалықтарын дамытуға, жұмыс орнын құруға 100 млн. АҚШ доллары көлемінде кредиттердің берілуін қамтамасыз етуді жүктеді. Осыны ел пайдалануы керек.

Қоғабай Сәрсекеев: «2030» стратегиялық Жобада шаруа және фермер қожалықтарына арналған кредиттердің кемінде 2,5 млрд. теңгеге арзандатылуын қамтамасыз етуді міндеттейді ғой.

Кенжеғали Сағадиев: Ие, бұл зор көмек болар еді! Ендеше, ел азаматтарының қарманғаны жөн. Жұмыс жоқ деп қол қусырып отыру болмас, жекеменшік кооператив, шағын серіктестік ашсын, бригадалар құрсын, кредиттерін алсын, іс оңға басады. Бәлендей жерде ауыз суы нашар екен деп қаржы бөлген үкіметті әзір кездесірген жоқпыз, тіпті анасы екеш анасы да өз баласына жыламаса тамақ бермейді, бұл да сол сияқты нәрсе.

Қоғабай Сәрсекеев: Жолда жүйелі әңгіме болмайды, кейде бірді айтып бірге кетіп жатырмыз, әйткенмен бәрі керек, ойда жүрген шаруа, елге түсінікті жұмыс. Қайсысы жүзеге асады—талан біледі.

Кенжеғали Сағадиев: Торғай төңірегінде қордаланған мәселе аз емес, реті келгенде біздің тарапымыздан бұл проблемалар тиісті орындарға, қолында билігі бар ел азаматтарының алдына тартылып та жүр, тетігі қашан табылар—оған уақыт төреші. Әйтсе де айту парыз, мұны жұрт алыста жатып айғайлағандары несі деп ұқпай, жан ашығандық десе дұрыс түсінгендігі деп ойлаймыз. Шыңғыс Айтматов айтқандай, туған жерді сүю дегеніміз—өмір бақи өз жерінде байланып қалу емес. Онда біз ақпайтын судай бір шұқыршақ аясында, әлемдік даму мен өркениеттен мүлдем алыс қалған болар едік. Дүниеңі бәрі салыстырмалы. Туған жер марқайса өзің де бақыттысың, осы реттен де жол әңгімесінде әр нәрсенің—елге байланысты көп жайдың басы шалынды, шешілгі жатса құба-құп.

Қоғабай Сәрсекеев: Елге де келдік.

Кенжеғали Сағадиев: Сағынышыңды басар—туған жер—темірқазық мекенде кең демаласың. Сен жігіттердің, жігіттер сенің құшағыңа сиып кетеді. Мұнда бәрі таныс, бәрі жарасымды-ау... Бір ғажабы—елдің рухы жоғары, өткелең кезеңнің қиындығын жеңе бастаған... Кәрімжан, Сапабек, Ғабжәлел, Орекен, Айтжан, Әмірхан, Көкімжан, Рахымжан, Ғабдыуақит, Жолдыбек, Жарқынбай, Ибрагим, Тұрсынбек, Отар, Мәлік, Есқали, Қалы, Шымберген, Қарағұл, т. т бұрыннан таныс, сыйлас, жора-жолдас, сыныптас достар, Жақсылық бастаған ел басқарушы жас жігіттер құшағына ендік. Келген шаруа аясында, ойға алып келген жұмысымыз да орындалып жатты. Аруақтарға арнап ас бердік. Туған-туыс, ілік-жілік, өлген-жіткеннің орнына кіріп шықтық.

Қоғабай Сәрсекеев: Көңіл орнықты! Осы өңірдің бүгінгі келбеті қандай әсер етті?

Кенжеғали Сағадиев: Бәрі тосын. Рас, анада Аханың мен Жақаң тойына қатысқанымда—көпшілікпен жүріп көп жайды аңғарамаппын, онда маған Торғай аспан астындағы ашық музей сияқты боп көрінген. Таңырқап қойып едім—қалай өзгерген деп. Бір жылда сонда 250-ге тарта үй салыныпты ғой, бәрін Қостанай салып берген. Басшылар:—Осыған ұйтқы болған еліміздің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев!—деді. Нұрекең Торғайда болғанда ескі қаланың көне үйлерін көріп, халықтың жағдайымен танысу үстінде Қостанай облысының сол кездегі әкімі Николай Трифонович Князевке арнайы тапсырма беріп, облыстың әр шаруашылығы Торғайға барып, тегін бір-бір үй салып берсін, деп жүктеген екен. Обалы не керек, шаруашылық басшылары бұл іске түсіністікпен қарап, Президенттің бастамасын іліп әкеткен де бас аяғы бір жарым жылдың ішінде Торғай жаңарып қалған. Бұған Н. Князевтен кеиін облыс әкімі Кенжебек Укин де үлкен үлес қосты. Көмек деп міне, осының айту керек! Нақты көмек! Өкінішке орай, Президенттің әр тапсырмасы осылай орындала бермейді ғой, өйткенде біз қалай ілгері жылжыр едік!

Қоғабай Сәрсекеев: Өте орынды айттыңыз, Торғай жұрты Ел басына дән риза. Әйтсе де үйді қанша жерден асарлап салғанмен де Торғайдың бұрыңғы сәулетті құрылыс жобаларын сақтау керек еді. Торғайдың сәулет ерекшеліктері бұзылғандықтан ба, бала кездегі көз үйренген айшықтардан адасып қаласың. Торғайдың көшелері атқан оқтай түзу келетін. Қазір көшелер қисық-қисық. Бағы Пионер көшесі бөлініп қалыпты. Көшенің нақ ортасында мешіт тұрғызылған. Ансамбльдік шешім жоқ. Құрылыс мектебі дейтіннің орнына кафе салыныпты, біз төңіректейтін клуб үиі бұзылған. Бұрын соны саудагер Якушевтің дүкені деуші еді. Бібырай мектебінің ескі өз жобасы сақталуы қажет-ақ еді, ол да ойластырылмаған. Жоғары жақта аурухана, қызыл түрме, наубайхана, интернат үйі, ағаш қойма, Аманкелді штабы, Орталық алаңдағы үлкен қоңырау, жер кіндігі делінетін темір құбыр, сәнді көпір—бүгінде соның бірі жоқ, әлгі «адасып қаласың» деуім осы реттен. Мұным менің «біткен іске мінші көп» дегендік емес, қаланы қайта жобалауда есте болатынақ жайт ретінде айтқан құлаққағыс пікір.

Кенжеғали Сағадиев: Оның есесіне Торғайда музейлер көбеиіпті. Бұрын жалғыз өлкетану музеиі бар-тұғын, кейде ол музейді Аманкелді музейі деуші едік...

Қоғабай Сәрсекеев: Кеиін сол жалғыз музейге де зар болып қалмап па едік, мен сол әбден қолды болып сіліктесі шыққан музейдің жоғын жоқтап Республикалық мерзімді баспасөз беттерінде әлденеше рет мәселе көтердім. Енді міне, шүкіршілік, бір Торғайда жеті-сегіз музей бар. Бұл дегенің зор байлық!

Кенжеғали Сағадиев: Торғайдың іргетасы 1845 жылы қаланды деп жазылып жүр. Меніңше бұл бер жағы. Дуан тарихын Шақшақ Жәнібектен бастасақ 300 жылдан асады. Тым алысқа шегінсек Торғайға қатысты оқиғалар тізбесі бастауын сонау XVI ғасырдан алады. Бұл туралы дерек қазақ хандығының иегізін салушылардың бірі, Жәнібек ханның немересі Абдолланың 1532 жылы мамырдың 19-22 жұлдызында Торғайдан Ұлытауға қарай өткенін жазады. Кейінгі сызбаларда да Торғайдың жағырафиялық кескіні алыстан түседі. Бұған 1627 жылы А. Мезенцев жасаған «Үлкен сызба кітап» пен ағылшын тарихшысы А. Краусстың «Азиядағы Ресей» (1899 ж.) дейтін еңбегі және басқа да туындылар айғақ. Егер ақын Ғафу Қайырбеков:

Көшелер құрғақ өзен арнасындай,
Қала елің көрі шуда нар басындай.
Ішіне оқиғаны тиеп-сықап,
Тарихтың қойып кеткен арбасын-
дай,—

десе, жөні бар. Ал мұндай көне орында музей мұражайларының болуы заңды құбылыс. Сондықтан Торғайда музей көптік етпейді, тек соны ұқыптылықпен сақтай білуге үйренсек, мұрат әне, сонда! Осы ретте Торғайға бұрыңғы қала атын қайтарып беру жағын тиісті орындардан сұрау керек. Тіпті патшалық Ресей тұсында да Торғайдың қала аты, өзіндік таңбасы болған—1878 жылы бекітілген заңды белгісі бар, деректер жетеді.

Қоғабай Сәрсекеев: Орынды пікір. Торғайдағы Ахаң мен Жақаңның, Шақшақ Жәнібектің, Әліби Жанкелдин-нің, Нұрхан Ахметбековтің музейлеріне қоса Шиліде Қайнекей Жамағамбе-товтің, Тәуіште Шәміл Мұхамеджановтың, Қарасуда Ахмет Байтұрсыновтың, Қызбелде Міржақып Дулатовтың, Ақшығанақта Кеңшілік Мырзабековтың мұражайлары жұмыс істейді. Милісай, Бидайық, Аққол, Аралбай және Көғалат ауылдарында Еңбек даңқы бөлмелері дүниеге келген. Осындай игі істерді тәрбие басы деу орынды шығар.

Кенжеғали Сағадиев: Дәстүрлі елдің өнегесі жақсы, мұндай ұмтылыстарды қолдап, қуаттаса болады.

Қоғабай Сәрсекеев: Қиын қыстау кезең болғанмен, мына нарық, мына өлшеулі ғасыр тоғысында тұрғанмен ел ажары жақсы. Кеңшілік ақын:

Бәрі өлшеулі,
Деміңе дейін өлшеулі
Тағдырдың салдар-себіне дейін
өлшеулі,
Жаялық—құндақ, тал бесігің де
өлшенген,
Жастанар құйттай жеріңе дейін
өлшеулі,—

десе, мына жарық дүниеге қарап айтқан ғой. Сондықтан өлшеулі мына өмірде сыйласқанға не жетеді. Өткеннің атын өшірмеу бұл елдің салты екенін байқаған боларсыз. «Топжарған» стадионындағы рәсімді айтпайсыз ба? Биылғы ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы шеңберінде және қазақша күрестен Орта Азия мен Қазақстанның абсолютті чемпионы Таңатқан Дуйсекеевтің 100 жылдығына орай Торғай ауыл-село жастарының XI-ші «Топжарған—99» спартакиадасында аталмыш стадионға атақты палуанның есімі берілді. Жерлестерінің бұл құрметі даңқты спортшыға деген зор ыллтифат емей не. Мұның аты—өткенді елеу. Соның және бір көрінісі мешітте өтті ғой. Мұхамед пайғамбардың туған күніне орай ұйымдастырылған «Мәулет күні» Торғай мешітінде қалай әсептелді. Ата-баба рухына ас берілді, аруақтарға бағышталып құран оқылды.

Кенжеғали Сағадиев: Дұғаның ішінде болдық, қаншама арғы-бергі өткен азаматтардың аты аталды—аруақтар бір аунап түскен шығар, сауабы жаратқанан, Ғазиз қажы мен мешіт имамы Шоқан жақсы-ақ дайындалыпты, бәрі ұйымдасқан түрде өтті. Бәлкім Торғайдағы мешітке жұрт сұранысына орай Оспан қожа атын беру де орынды шығар, көпшілік алдында айтылды.

Қоғабай Сәрсекеев: Бұл пікір де көптен айтылып жүрсе керек. Атақты әулиенің атын берген артық емес қой. Бәрінен де ел ішінін берекесі қуантады. Халықтың беталысын көріп, мына өтпелі кезеңнен қалай шығудың жолын қарастырып жатқандары суісіндірді. Әттең қол қысқа, көз көрді. Жанар-жағармай тапшылығы ел қадамын тұсап тастапты. Және мұның бағасы ұшып-ақ тұр. Қарапайым халықтың қалтасы шыдар ма бұған? Фермер Кәрбозов Көкімжан «азмұз тапқанымыз салықпен кетеді» дейді. Шалғай жердің салық нормативін реттеу де басты мәселе. Жеңілдік бұл өңірге аса қажет шаруа, құлақ асатын нәрсенің бірі осы!

Кенжеғали Сағадиев: Таптаурын болған әңгімеден ештеңе шықпайды. Талтандай басып, қамсыз әмір сүретін дәурен өткен. Көке-өкімет жоқ. Енді Ата Заңның аясында әркім, әр ұжым өзі аянбай еңбек етуі керек. Бұл жалған үгіт емес, нақты кеңес. Осындай жайларды мен әркез жазған-сызған еңбектерімде баяндай жүрем. «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған «Алашорда: орташа жайды қайтіп орнықтырамыз» дейтін материалымда Ахмет Байтұрсынов пен алашордашылардың экономикалық көз-қарасы сөз болады. Біраз түнінді мәселелерді сонда айтқанмын. Өткен жылы «Қазақстанда жүріп жатқан реформаларға сараптық көзқарас» атты монографиям шықты, экономиканы тиімді дамыту жолдары туралы біраз пікір айтылды. Қазір жұрт сауатты, оқи жүрсе көңіл бөлетін мәселелер бар сияқты.

Қоғабай Сәрсекеев: Қайтер дейсің қарабастың толғағы, тек жұртымыз күрсінбесе болғаны!—деп, Мұқағали Мақатаев тегін айтпаған. Ел еңсесін көтеру ортақ шаруа! Шыны керек, кейде ез басқарған елді көріп кіжінесің! Ұйымдастырушысы нағыз ноқта аға болмаған жерде, бағыттаушы басшы істің ігітін білмесе қай шаруа оңға басады? Қара тер еңбектің тұзы сор боп кететіні осындайдан. Қазір құлқы қозып, кенезе кебетін кезең бе, Ел басы тағайындаған әкімдер көрінген жерде аққа шашалып, қарға қақалып жатса бұл не? Осыны Ел басынан бастап айтады, қазір тіпті Үкіметіміздің өзі өзара іштей ая-шая деседі, осының бәрі нешін салқыны? Қашан түзелеміз?

Кенжеғали Сағадиев: Жауапты жұмысқа ұстаса етегі, жексе жетегі бар тектіні тартқан абзал дегенің ғой, сүйеу балдақтыдан іскер шықпайды, баяғыда «істің тетігін қадр шешеді», дейтін ұран болатын, айтты айтпады, білгір қадр бүгін де қажет.

Қоғабай Сәрсекеев: Иә, солай, әйтпесе, бұлғақ көбейіп кетті. Мәселе шешетін орындарда ерте ағытқан құлын, ерігіп орағытқан қу, озаңдатқан құлқын иелері топталса бұл жақсы емес-ақ, іске зиян.

Кенжеғали Сағадиев: Төрге отыра алмас «төрелер» топталған жерде имандылық жоқ. Бұл аңды да болса шындық. Үйде де, түзде де, барлық деңгейде айтылып жүрген әңгіме. Бүгінгі күннің басты міндеті—экономиканы өркендету мен сыбайластыққа қарсы күрес! Осы реттен де болар, күиі кеше Елбасы Н.Назарбаев Үкіметке тағы да он тапсырма жүктеді. Ендігі мақсат осы тапсырманы нақты орындауда деп білем. Істе нәтиже болу керек.

Қоғабай Сәрсекеев: Бізде оппозициялар мен түрлі қозғалыстар жеткілікті, оларға қалай қарайсыз?

Кенжеғали Сағадиев: Оппозиция деген болуы керек, бірақ халықты ірітетін оппозицияның керегі жоқ, біріктіруге ұмтылса жүрек жылиды. Ақылды қозғалыстарға ұйыймын, бетпақ жиыннан алыс жүремін.

Қоғабай Сәрсекеев: Қазақстанда демократия бар ма?

Кенжеғали Сағадиев: Бар демократияны барынша дамыта түсуіміз керек. Дамытқанда жақсы демократияны дамыту керек, мемлекеттік демократия жасау үрдісіне ұмтылған жөн. Ресей демократиясының төлімі аз, онда жаман үлгілер көп, Жириновскийлердің «демократиясы» қатерлі. АҚШ демократиясында үңілетін тұстар бар. Демократия дейтін ауа жайылу емес және оның кесіп айтатын ережесі жоқ, дами беретін процесс.

Қоғабай Сәрсекеев: Қай партияға мүшесіз?

Кенжеғали Сағадиев: Еш партияда жоқпын.

Қоғабай Сәрсекеев: Сонда да біздегі көп партиялардың біреуіне бүйрегіңіз бұратын шығар?

Кенжеғали Сағадиев: Бүйрек өзімдікі! Ешқайда бұрғанын әзір сезген емен. Өмір көрсетеді...

Қоғабай Сәрсекеев: Үлкен ғалым, ғұлама ұстазсыз. Ғылым жолы қиын жол ғой, осыған қалай келдіңіз?

Кенжеғали Сағадиев: Бұл үлкен тақырып, ғылым—менің өмірім. Сондықтан бұл әңгімені кейінге қалдыра тұрған жөн шығар. Ғылым жайында жол-жөнекей айтуға болмайды, Ғылым—киелі!

Қоғабай Сәрсекеев: Қабылданбақшы жер заңына байланысты пікіріңізді білдірсеңіз. Бұл тақырып бүгінде аса өзекті мәселе боп тұр ғой.

Кенжеғали Сағадиев: Өз пікірің қалай?

Қоғабай Сәрсекеев: Заң керек. Бірақ қалай, осы тұста ойласу жөн. Жер—халық меншігі! Жер сатылуға тиісті емес.

Кенжеғали Сағадиев: Жер туралы Заңға байланысты пікірімді таяуда Президент қабылдауында болғанда Нұрекеңе де айттым. Баспасөз, теледидар арқылы да айтып жүрмін, бәрі рас, жер—халық байлығы, ел—қазынасы. Оны саудаға салу—күпірлік. Күпірлік екі дүниада да күнә! Біле тұра ендеше күнәға неге батамыз? Жер сатып байымай-ақ қояйық, ата-баба аруағы мұнымызды кешпейді. Сатқан күнде жеріміз өз қолымызда қалуына да үлкен күмәнім бар. Жерді сатып алу үшін ұлттық қорымыздың аздығы, ағайындарымыздың қалтасының таяздығы баршаға мәлім. Жер—қазақтың бір аты! Жерден айырылсақ ұлттығымыздан айрыламыз, мемлекеттігіміз де нағайбіл. Олай болса, Жер саудаға түспеуі керек. Екінші бір мәселе—жерді өңдеу, оны тиімді пайдалану, күту жағына келгенде салақтығымызды несіне жасырамыз. Міне, бұл—мін. Жер емшегін иіте білуді үйренсек ұтар едік. Бар байлық—жерде. Таяудағы бір әңгімеде осындай жағдайлар Президентімізді де қобалжытатынын байқадым. Жаңа Парламент осыны мықтап түсінсе ғана халық сенімін ақтайды. Жерінен айрылған ел азады, халық тозады. Мұны сонау ертеден қазақ зиялылары айтып келеді. Ахмет Байтұрсынов «Бүкіл жерімізді меншігімізге алып, өзіміздің дәстүрімізбен өмір сүрейік!» десе, бұл сөз бүгін де күпін жойған жоқ. Жаңа ғасыр есігін адал ашайық!

Қоғабай Сәрсекеев: Өумин!

Кенжеғали Сағадиев: Осы сапарымызда ел бізге зор құрмет көрсетіп, мәжіліс шешімімен екеумізді де «Торғайдың құрметті азаматы» атады, қатар көше аты берілді.

Қоғабай Сәрсекеев: Жерлестер құрметіне әрине зор рахмет айтуымыз орынды. Ғұмыр жетсе ел сенімін ақтап өтерміз—бұл біздің перзенттік парызымыз. Туған жерге кәдірі бар адам—бақытты.

Кенжеғали Сағадиев: Біз жол үстінде келеміз. Бағытымыз—Алматы!

Қоғабай Сәрсекеев: Үлкен жолға түстік. Жол үстінде кісіге түрлі ой келеді, өмір ағысы неткен жылдам. Жаңа—XXI ғасыр есігін ашар уақыт та тақау қалыпты-ау, күн шығып келеді, ғасыр тоғысы сәтті болғай, ағайын!